

Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 12 тамыздағы N 3-1-1510қ "Тұтыну есебін және электрмен, жылумен, сумен жабдықтау және басқа да коммуналдық қызметтер төлемдерін реттеу туралы" қаулысына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы (Астана қаласының Әділет басқармасында 2002 жылдың 19 тамызында N 220 болып тіркелді, 05.09.2002 жылғы N 117 (1122) "Астана ақшамы" және 27.08.2002 жылғы N 100 (1162) "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған)

Күшін жойған

Астана қаласы әкімінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 3-1-2059қ қаулысы. Астана қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 5 қарашада N 298 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 06-178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 06.02.2012 N 06-178 қаулысымен (қаулының мемлекеттік тілдегі мәтіні РҚАО-ға түспеген).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 297 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 400 қаулысына өзгеріс енгізу туралы қаулысын орындау, тұрғындардың коммуналдық қызметтерді тұтыну және төлеу есебін одан әрі реттеу мақсатында Астана қаласының әкімдігі қаулы етеді:

1. Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 12 тамыздағы N 3-1- 1510қ "Тұтыну есебін және электрмен, жылумен, сумен жабдықтау және басқа да коммуналдық қызметтер төлемдерін реттеу туралы" қаулысына (Астана қаласының Әділет басқармасында 2002 жылдың 19 тамызында N 220 болып тіркелді, 05.09.2002 жылғы N 117 (1122) "Астана ақшамы" және 27.08.2002 жылғы N 100 (1162) "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а ғ ы :

бірінші азат жол "Астана Су Арнасы" МКК" сөздерінен кейін "ұсынылсын:" с ө з і м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

алтыншы азат жол мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"есептеу айындағы сыртқы ауаның нақты температурасына түзетілген осы қаулының Қосымшасына сәйкес Астана қаласының тұрғын қорын жылытуға арналған тұтыну нормасынан жылу энергиясы бойынша, 2.04.01-85 (ғимараттың ішкі су құбыры және кәріз), 2.04.02-84 құрылыс нормалары мен ережелеріне (

бұдан әрі - ҚНМЕ) сәйкес қабылданған нормалардан су бойынша".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары С.С Есіловке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Визалар:

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының Табиғи
монополияларды реттеу, бәсекелестікті
қорғау жөніндегі агенттігі Астана қаласы
бойынша департаментінің директоры

"Казахэнергоэкспертиза" ЖАҚ

Орталық филиалының директоры

"Астанаэнергосервис" ААҚ

басқармасының төрағасы

"Астана Су Арнасы" МКК

Бас директоры

"Тұрмыс" МКК директоры

"Нысана" ЖШС директоры

"Бәйтерек" Астана қаласы ғимараттар
(пәтерлері) кооперативтері иелері

Қауымдастығы кеңесінің төрағасы

П И К а у д а н д ы қ

қауымдастығының төрағасы

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 5 қ а з а н д а ғ ы
N 3 - 1 - 2 0 5 9 қ қ а у л ы с ы н а

қосымша

Астана қаласы тұрғын үй қорын жылытуға арналған жылу энергиясы шығынының НОРМАСЫ

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Айлар			
		Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір
		Тн.в.=	Тн.в.=	Тн.в.=	Тн.в.
		-16,8 °С	-16,5 °С	-10,1 °С	+3 °С

Тұрған үй 1 кал/м² 0,0464 0,0429 0,0378 0,0205
қ о р ы н ы ң
т ұ р ғ ы н ж ә н е
к ө м е к ш і
о р ы н - ж а й .
л а р ы н а
а р н а л ғ а н
н о р м а

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Қазан Қараша Желтоқсан Жылыту
= Тн.в. = Тн.в. = Тн.в.= маусымына
+2,6 ° С -7,0 ° С -14,0 ° С орташа
Т н . в . = - 8 , 1 ° С

0,0217 0,0329 0,0428 0,0350 -----

Жылытуға арналған жылу энергиясы шығындарының нормасы МСН2.04-01-98 "Құрылыс климатологиясы бойынша" сыртқы ауа температурасын түзетумен бірге айлар бойынша есептелген.

Сәуір және қазан айларында жылытуға арналған жылу энергиясының нормасы жылыту жүйесі жұмысының нақты сағатына түзетіледі.

Астана қаласы Әкімі аппараты энергетикалық кешен және коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі